

МРНТИ: 16.21.55

Жиренов С.А.¹, Касенов Е.С.².

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ӘН МӘТІНДЕРІНДЕГІ ОРНИТОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ ән мәтіндеріндегі орнитологизмдердің қатысуымен, олардың қолданысына қатысты топтастырулар жасалады. Сондай-ақ, ән мәтіндеріндегі орнитологизмдердің қолданысы мен мағыналық мәнін, тақырыптық топтарға бөлініп көрсетіледі. Ән мәтіндеріндегі тақырыптық топ орнитологиялық атаулардың тек парадигмалық қатынасына негізделінбей, әрі парадигмалық, әрі денотаттардың арасындағы байланыстарға да сүйенеді. Ән мәтіндеріндегі тақырыптық топ көлемі парадигмалық қатардан да, ән мәтіндерінің лингвокогнитивтік семантикасына талдау жасалады. Ән мәтіндеріндегі орнитологизмдердің семантикасында сөздердің лексикалық мағынасының сыбайластықтарына негізделмей, өздері атау болған заттар мен құбылыстардың аллегориялық астарлы мағына негізделетіндігі көрсетіледі. Ән мәтіндеріндегі орнитологизмдердің семантикалық басымдықтары бойынша әлемді ән арқылы сезінудегі этностың танымдық ерекшеліктері көрсетіледі. Этностың дүниетанымына жақын құстардың ән мәтінінен орын алуы этностың ұлттық ерекшелігін белгілі бір дәрежеде анықтайтын көрсеткіш болып табылады. Қазақ ән мәтіндеріндегі орнитологизмдер этностың рухани әлемінде бұрыннан орын алып, бүгінге жалғасқан рухани құндылық екендігі көрсетіледі. Мұндағы құндылықты қазақ тілі ән мәтіндеріндегі тілдік материалдарға лингвокогнитивтік талдаулар жасау арқылы анықталады.

Түйін сөздер: ән мәтіні, орнитологизм, лингвистика, семантика, этнос, дүниетаным, т.б.

Zhirenov S. ¹, Kasenov Y. ²

^{1,2} Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

LINGUO-COGNITIVE SEMANTICS OF ORNITHONYMS IN TEXTS OF SONGS

Abstract

In the article, the texts of Kazakh songs with ornithonyms are grouped in accordance with their use. The use of ornithonyms in the lyrics and their semantic meaning are also divided into thematic groups. The thematic group is based not only on the paradigmatic connections of ornithological names, but also on denotative ones. The linguo-cognitive semantics of the thematic group of ornithonyms and lyrics is determined. The semantics of ornithonyms in the lyrics is based not only on the similarity of the lexical meaning of words, also on the allegorical metaphorical meaning of objects and phenomena by which they are called. The semantics of ornithonyms in the lyrics reflects the cognitive characteristics of the ethnos in the perception of the world through a song. The presence of birds in the lyrics, close to the worldview of the ethnic group, is an indicator of national culture, which to a certain extent determines the ethnic identity of the ethnic group. In the spiritual world of an ethnos, ornithonyms in Kazakh poetry have long existed and are a spiritual value that remains to this day. The linguo-cognitive analysis of the language units of the lyrics reveals its significance in the Kazakh ethnic group.

Keywords: lyrics, ornithology, linguistics, semantics, ethnos, worldview etc.

Жиренов С.А.¹ Касенов Е.С.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ЛИНГВОКОГНИТИВНАЯ СЕМАНТИКА ОРНИТОЛОГИЗМА В ТЕКСТАХ ПЕСЕН

Аннотация

В статье тексты казахских песен с орнитологизмами сгруппированы в соответствии с их использованием. Использование орнитологизмов в текстах песен и их семантическое значение также делятся на тематические группы. Тематическая группа основана не только на парадигматических связях орнитологических названий, но также и денотативных. Определена лингвокогнитивная семантика тематической группы орнитологизмов и текстов песен. Семантика орнитологизмов в текстах песен основана не на сходстве лексического значения слов, а на аллегорическом метафорическом значении объектов и явлений, которым они названы. Семантика орнитологизмов в текстах песен отражает когнитивные особенности этноса в восприятии мира через песню. Наличие птиц в текстах песен, близких к мировоззрению этноса, является показателем национальной культуры, который в определенной степени определяет национальную идентичность этноса. В духовном мире этноса орнитологизмы в казахской лирике издавна существуют и являются духовной ценностью, которая сохраняется и по сей день. Лингвокогнитивный анализ языковых единиц текстов песен раскрывает его значение в казахском этносе.

Ключевые слова: тексты песен, орнитология, лингвистика, семантика, этнос, мировоззрение и т.д.

Кіріспе. Қазақ халқының рухани өмірі мен мәдени тұрмысы әнмен әрленіп, күймен көмкерілген десек артық айтқандық емес. Қазақ халқы тумысынан әнге әуес, күйге құмар болған. Бүгінде де солай. Бұл дегіміз этностың өмірдің өткелектерін бәлкім қызығы мен шыжығын, наласы мен мұңын, азабы мен мазағын, ауыры мен жеңілін әнмен басып, әнмен жеткізудегі этникалық характері болар. Хакім Абайдың «*Туганда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең*» - дегенін де этностың әлемді ән арқылы тануының төте жолы жатқандай көрінеді. Бұл аз десеніз Алаштың ардақтысы С.Торайғыровтың: «Қазақ ән құмар халық. Газет оқып, не шарифат, не насихат айта бастасаң, құлағын саларсалмас шеттеп кетеді. Біреу қолында домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиылып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін қалмай қамалап, айтшы-айтшылап жанын жағасына келтіреді. Соның үшін ескі кісілер “пәленнің өлеңінде де бар ғой” деп келтіріп отыратын. ...Қысқасы, бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар” – деген сөзінде талай мәселенің көтеріліп тұрғандығын көруге болады [1].

Зерттеу материалы. Әдістемесі. Қазақ ән мәтіндеріндегі орнитологизмдер туралы сөз қозғағанда әнге арқау болған әрбір құстың жеке-сапалық қасиеті ән мәтінінің өзегіне негіз болған. Құстар мен құс атаулары тірек болған ән мәтіндерін біз үш түрге бөліп топтастырдық. Сондай-ақ, оларды топтастыру барысында құстар әлемінің қатысуымен жасалған ән мәтіндерінің қолға түскен материалдар негізінде сандық көрсеткішіне жүгінуге кетуді де жөн санадық. Орнитологизмдердің қатысуымен жасалған ән мәтіндерінің түрлері мен сандық көрсеткіші (статистикасы) төмендегідей болып шықты.

Олар:

- 1) Халық ән мәтіндеріндегі орнитологизмдердің қатысуы (6 ән мәтіні бар);
- 2) Дәртүрлі ән мәтіндеріндегі орнитологизмдердің қатысуы (8 ән мәтіні);
- 3) Заманауи ән мәтіндеріндегі орнитологизмдердің қатысуы (33 ән мәтіні). Барлығы – 47 ән мәтіні кездеседі. Әрине, бұл жердегі топтастыруымыздың тұрақтылығы мен ғылыми байламы нақтылыққа негізделгенімен, сандық көрсеткіші (статистикасы) тұрақты деп айтуға келмейді. Ондағы сандық көрсеткіштер шарттылыққа құрылғандығын ескеру керек. Мұндағы сандар алдағы күндері не артуы не кемуі мүмкін.

Орнитологизмдер арқылы жасалған ән мәтіндері астарлы ойға құрылып, адамның табиғатпен етене жақындығын көрсетеді. Этнос дүниетанымындағы құстардың болмысына тән ерекшеліктер арқылы адамның бойындағы ерекшеліктерді (жақсы-жаман, жағымды-жағымсыз, мейірімді-мейірімсіз, қайырымды-қайырымсыз, т.б.) жеткізудің бір жолы ретінде таңдалынып алынған. Бұл

жерде тілдің мүмкіндігі мен «сөз бен әуеннің» мүмкіндіктері барынша пайдаланылады. Музыканттар мен өнертанушылардың «Бір әннің тарихы» деген айдармен әннің шығуы мен орындаушысы туралы жүргізетін тұрақты зерттеулері бар. Біз бұл жерде ән тарихы емес, ән мәтінін лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу арқылы, этноқауымдастықтың когнитивтік санасындағы орны мен сезіміне әсер етуінің тілтанымдық сипатын қарастырамыз. Әрине, бір ғана құс атауы қатысқан ән мәтіні емес, әралуан құс атауларына тірек болған бірнеше ән мәтінінің танымдық астарына үңіліп, танымдық талшықтардың тілдік әлеуетін былайша көрсетуге болады.

Аққу. Қазақ ән мәтіндерінде жиі кездесетін орнитологизмдердің бірі – Аққу. Аққу құсы – сұлулықтың, махаббаттың, пәктіктің, тазалықтың символы ретінде ұлт мәдениетінен берік орын алған. Аққуды қазақ халқы кейде қаз деп те атаған. Тілдік қолданыста «аққу-қаз» деген сөздің жарыса қолданылуының өзі олардың өзара мағыналас бір сөз, бір ұғым, бір атау, бір зат екендігін білдіреді.

Аққуға қатысты әуендер халық әндері мен дәстүрлі ән мәтіндерінде көп кездесе бермейді. Дәстүрлі әндерде «аққу» «аққу» атауында емес, «қаз» атауы ретінде Халық әнінде «Балапан қаз» мәтінінде, Садықожаның «Ақ қаз едің», Әсет Найманбайұлының «Қоңыр қазында» қаз атауымен кездеседі.

*Бұл өлке біздің ауыл жайлаған жер-ай,
Желіге асау құлын байлаған жер-ай,
Көзіме от жалындай көрінеді-ай,
Айқасып құлын-тайдай ойнаған жер-ай.
Ей, ақау сабаз,
Ұшырдым ұясынан балапан қаз-ай (Халық әні)*

– деген ән мәтіні мамыражай тірліктің әуенді бейнесі ретінде суреттелсе, Сады қожаның «Ақ қаз едің», Әсет Найманбайұлының «Қоңыр қазыда» мамыражай өмірдің, бейбіт көрінісі, лирикалық сазды әуенге құрылған.

«Қыз Жібек» жырында да «Әуелеп ұшқан алты қаз» ретінде де жұмсалса, соңғы кезеңдерде ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап «Аққу» атауы активтеніп, ән мәтіндеріне көптеп арқау болған. Соңғы уақыттарда «Аққу» атауы ғана емес, Аққудың қатысуымен туындаған ән мәтіндерінің жиілігі арта түскен. Мұнда әрине бірнеше факторды атап өтуге болады. Біріншіден, мәдени өмірдегі өзгерістер бұғанға дейінгі Қаз атауының Аққуға айналуы болса, екіншіден, мәдени өмірдегі өзгерістер Аққудың символикалық мәнінің артуымен байланысты. Үшіншіден, тұрмыстық өмірдегі тұрақтылық бейбіт өмірдің маңыздылығы Аққу лиризмінің күшін арттырған. Бүгінгі заманауи өмірдегі «Аққудың» қатысуымен жасалған ән мәтініне зер салсақ. Мәселен: «Аққу арман» Сөзі: Қ.Бұғыбаева, Әні: Қ.Мәлібеков

*Арман жылдарым,
Алыстадың қайта бұрылмай?
Менің жырларым,
Көңіл сырым,
Демің шырындай,
Сыбдырлашы, таныс бағым,
Ағыстарым-ай.
Қайырмасы:
Қайда жүрсің сен,
Аққу дәурен,
Гәкку сәулем,
Таранбайсың ба?
Оралмайсың ба,
Айдынына айна көлдің,
Аққу арманым*

– деген ән мәтіні аққудың сағынышқа толы махаббаты, көңілдің күйі өткен мен бүгінді жалғаған сағыныш сазы, адам (лирикалық кейіпкер) мен аққуды бір-бірінен ажыратуға келмейтіндей етіп жымдастырып жіберген. М.М.Бахтиннің “әрбір мәтіннің сыртында тілдің жүйесі тұрады” – деген

сөзіне жүгінетін болсақ, әлбетте, мұндағы өлең өлшемі мен құрылымы, буын мен бунақтың үйлесімі, жұмсақ ырғақтың үндесуі ән әсерін сөз жоқ күшейтеді. Ал орындаушылық шеберлік ән мәтінінің жандануының басты күретаымыры екендігі даусыз. Алайда, ән мәтіні тілдің энергитикасын бойына сіңірмесе, орындаушының шеберлігі әнді құтқара алмайтындығын ескеру керек.

Аққуға қатысты тілдік деректердің басым бөлігі әйел затымен өзара байланыста қарастырылады. Аққудың бойындағы сұлулық, әдемілік, тазалық секілді ұғымдар әйел затын суреттеуді көркем мәтіндерде кеңінен пайдаланылған. «Қазақ поэзиясының сөз кестесі мен өлең құрылысының түпкі негіздері ерте заманда, көне дәуірде қалыптасқанын дәлелдейтін мысалдар аз емес... Ер жігіт бейнесін қыранмен. Ару қызды аққумен салыстыру қазақ, басқа түркі тілдес елдер ғана емес, көптеген халықтардың көне әдеби нұсқаларында, ауыз әдебиетінің ежелгі, ескі туындыларында ұшырасады» [2, 32].

Сонымен, аққудың қатысуымен жасалған ән мәтіндерінің концептуалды байламы адам жанының тазалығын суреттеуге негізделеді. Аққу қазақ үшін қол жетпес арман, сұлулықтың символы, сағынышқа толы өткен күн, кіршіксіз көңілдің тазалығы, сезімнің сергелдені, махаббаттың оты мен жалыны секілді танымдық семантикаға негізделеді.

Бозторғай. Қазақ ән әлемінде бозторғайдың орны ерекше. Қазақтың сайын даласы бозторғайдың мекені болса, бозала таңнан бозторғайды көрген қазақ баласы “Бозторғайды” былайша әнге де қосқан:

*Шіркін-ай, Бозторғай,
Жете алмадым жер шалғай.
Ағып жатқан дария-ай, суда мін жоқ,
Үзіп жеген әйгүәй, малда тіл жоқ.
Шіркін-ай, Бозторғай,
Жете алмадым жер шалғай.
Тіршілікте қалайық-ай, ойнап-күліп,
Жыл айналып келгенше, кім бар, кім жоқ.
Шіркін-ай, Бозторғай,
Жете алмадым жер шалғай (Халық әні).*

Бозторғайға қатысты ән мәтіндерінің бірнеше варианты ел ішінде кең тараған. Бозторғай болмысынан қазақтың тұрмысына жақын құс. Оның жақындығы сол тыныштықты сүйетіндігі (*Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман*). Ал тыныштығы бұзылса, оның шарасыздығы мен дәрменсіздігі, үміті мен күдігі, аласұра “шыбын жанын қоярға жер таппай” шырылдауы, қазақтың өз бейнесін өзінің көз алдына елестетеді. Халық әндерінен бастау алған бозторғайдың әндегі бейнесі, кейінгі дәуірлерде де өз жалғасын тапқан. Қазақ сөз өнерінде Кенен Әзірбаевтың есімі ерекше тұлғалардың бірінен саналады. Кененнің “Бозторғай” әні қазақ даласына кеңінен тараған.

*Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей,
Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,
Сандалып қой артында әзер кешке...
Қайырмасы:
Бозторғай шырылдайсың шіркін-ай,
Құтылар күн бар ма екен,
Қой жаяудан бір күн-ай.*

Бұл ән мәтіні қой соңында жүрген бір адамның ғана зарлы үні емес, қой баққан, бетін күн қақтаған, бозторғайға мұңын шерткен, өзара мұңдас, мың адамның шерлі үніне құрылған. Қазақта “бір қайғы, мың қайғыны қозғайды” деген. Көктегі бір бозторғайдың шырылы, жердегі бозторғай тектес мыңның үніне ұласып кеткен. Бұған дәлел ретінде, бүгінгі қазақ эстрадасының кароліне баланып жүрген М.Бесбаевтың бала күнінде орындаған, А.Қоразбаевтың “Бозторғай” әні бүкіл халықтың көзіне жас үйіріп, жүрегін сыздатқаны, тыңдарманның есінен әлі кете қойған жоқ. Мұндағы ән мәтіні:

*Бозторғай, бозторғай
Айналайын жыл құсым,
Аман-есен жүрмісің.
Ала таңнан шырылдап,
Қуантқалы тұрмысың.
Қанатыңды кердің бе,
Қияндардан келдің бе?
Жетімекпін мен неге?
Анамды сен көрдің бе?*

– деген ән мәтіні мен әуені күні бүгінге дейін, талайлардың жүрегінде жатталып қалуының бір мәнісі ән мәтініне тікелей байланысты десек артық айтқандық емес. Мәтіннің өзегі бозторғайдың бойына тән шарасыздықтың, адам бойындағы шарасыздыққа ұласуы, риторикалық сұрақ-жауапқа құрылуы, кейіпкердің өз сауалына өзінің жауап алуы, бозторғаймен өзара тілдесуі, мұңын шағып, шерін тарқатуы, мәтіннің ситуациялық түзілісі, әннің әрі мен сөздің шері бірлесіп, жүрекке жүк артуға мәжбүрлейді. Әдетте мұндай ән мәтіндерін халықтың шерлі толғауы деп те атауға болады. Кейбір ән мәтіндері астарлы ойға негізделсе, ойы ашық мағынасы көпке мәлім мұндай мәтіндерді ситуациялық жанды мәтін десе де болады. Мұндағы мәтінде айтушы мен тыңдаушы (адресат пен адресант) тікелей дискурса түсіп, өзаралығындағы жасырын ойдың қалмауы мәтіннің қуаттылығын көрсетеді. Бұл ойымыздың дәлелі ретінде профессор Б.Шалабайдың: «Мәтін прагматикасы оның мағыналық-акпараттық мазмұнымен, авторлық интенциясымен, мәтін құрудың мотивімен, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, алдымен, қабылдаушыға әсер ету, оның реакциясын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты. ... қашан қабылдаушы мәтінді түсініп, мәтін оған әсер етіп, оның жан-дүниесінде белгілі бір өзгерістер пайда болып, оның реакциясын туғызғанда ғана тілдік қарым-қатынас өз мүддесіне толық жетті деуге болады. Кез келген мәтіннің негізгі міндеті – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-дүниесіне әсер етіп, оны «ояту», «реакция туғызу» - деген пікірі мәтін жандануына «автор-мәтін-тыңдаушыны» еріксіз коммуникацияға түсіріп жіберетіндігі ән мәтіндерінің үлесіне тиесілі екендігін көрсетеді [3, 131]. Мәтін біткен коммуникацияға түсіп, ауызша немесе жазбаша, диалогты немесе монологты қолданысқа түссе жанданатыны рас. Алайда ол ән мәтіні болып жететін болса, коммуникацияның барлық өлшемдерін (ауызша/жазбаша, диалогты/монологты, тікелей/жанама, т.б.) бойына жинақтап, ситуациялық мәтінге айналатындығын көруге болады.

Қасқалдақ. Қасқалдақты қазақ халқы қадірлі құс санайды. Қасқалдақтың қадірі тілдегі «қасқалдақтың қанындай» - деген тіркеспен өлшенген. «Қасқалдақтың қанындай» тіркесінің мағынасы бағалы, қымбат, тапшы, кез келгеннің қолына түсе бермейді дегенге саяды. Айтса айтқандай ел ішінде қасқалдақтың өз бойындағы қанының өзі аз, ал сол аз ғана қанының өзі қасиетті, қадірлі деседі. Қасқалдақтың қаны мен еті адам бойындағы мың бір ауруға шипа болатын қасиеті жоғары саналады. Осы қасиетіне бола қасқалдақтың қаны да өзі де қадірлі саналса керек. Этнос мәдениетінде осыншама қасиетті бола тұра, қасқалдаққа қатысты тілдік деректердің аздығы қасқалдақтың қадірін арттыра түседі. Тілде қадірлі деген кейбір затқа қатысты деректер (танымдық ақпараттар) не өте мол немесе өте жұтаң болып келетіндігі сол заттың сапалық қасиетіне байланысты болады. Мәселен, «Аққуға» қатысты тілдік дерекпенен «Қасқалдаққа» қатысты тілдік деректерді салыстыруға келмейді. «Аққуға» қатысты тілдік деректер молынан кездесе, «Қасқалдаққа» қатысты деректер өте аз кездеседі. Алайда, бұл дегеніміз «Қасқалдақтың» бәсінен «Аққудың» бәсі басым деген сөз емес. Екеуінің өзіндік орны, дербес қасиеттері бар. Тілде айтыла берсе сөздің де қадірі кетеді деген тәмсіл бар. Кейінгі кездері қоғамдық орта сөздің қадірі, сөздің ар жағындағы заттың қадірі дегенге мән бермейтін болды. Қазір қоғамда «айтылы-айтыла жауыр болған», «тыңдалмаса тыңдалмасын, айтылмаған сөз қалмасын» деп, сөздің қадірі мен бірге өзінің қадірін кетіріп жүрген дүниелерге тоқтау болмай тұрғандығы анық.

Қасқалдаққа қатысты қазақ руханиятында М.Сүндетовтың “Қасқалдақ” атты әңгімесімен қатар, құстардың жыршысына баланған ақын Е.Раушановтың “Қара бауыр қасқалдақ” атты өлеңі қасқалдақтың болмысын тануға мүмкіндік тудыратын туындылар.

Е.Раушановтың “Қара бауыр қасқалдақ” өлеңіне Л.Аманов әнін жазған. “Қара бауыр қасқалдақтың” ән болып қайта түлеуі, қазақ халқының кеңестік кезеңдегі “қышыған жеріне дөп тиген”, жан жарасына азық болған туынды болды. “Қара бауыр қасқалдақтың” ән мәтінінде:

*Қара бауыр қасқалдақ, қайда ұштың пыр-пырлап?
Сазың қалды сәбидің еңбегіндей былқылдап.
Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт,
Сиреп қалған тоғайға «қамықпа» деп көңіл айт.
Ұя қалса иесіз – айдын үшін сол қайғы,
Қаңғып келген шүрегей көлге пана болмайды.
Өз босағаң – бұл жердің тауы, қыры, белесі,
Босағасын басқаға тастай ма екен, о несі.
Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт,
Сиреп қалған тоғайға “қамықпа” деп көңіл айт.
Ұя қалса иесіз – айдын үшін сол қайғы,
Қаңғып келген шүрегей көлге пана болмайды.*

Бұл әннің тарихы жазылуы туралы мәселелер көп жерлерде айтылды да жазылды да. Біз бұл жәрдегі ән мәтінінің бүтіндей халықтың көңілінен шығып, іштегі шемен боп қатқан шерінің шипасы болғандығы, сөз бен әуеннің үйлесімі, мәтіннің біртұтастығы, айтар ойды астарлап қана жеткізу емес, әнғып жеткізудегі тілдің тылсымына бәлкім “үшінші бір күшіне” когнитивтік және синэргетикалық қуатын атап өтуге болады. Ән мәтіні саяси-азаматтық лириканың халықтық сипат алуында. 1986 жылғы кеңестер одағының солақай саясаты “Желтоқсан оқиғасының» қанды қырғыны мен адам төзгісіз зобалаңы, бүтін елдің ұстанымын белден басып, елбасына басқа жерден кадр тағайындауы ән мәтініне арқау болған.

“Қара бауыр қасқалдақ” әнінің мәтіні аллегориялық сөз қолданысына құрылған. Аталған ән мәтінінің әуені де сөзі де лирикаға негізделген. Ал, «лирика – белгілі уақыт пен ортаның жемісі, сол орта мен уақыт перзентінің көңілкүйі, жан тебіренісі. Оның бойындағы барша қасиет-қадірді нақты мезгіл рухы, дәуір мазмұны» - ретінде танитын болсақ, “Қара бауыр қасқалдақ” әні дәл уақыттың өмірге келген, тек өмірге келіп қана қоймай бүтіндей елдің мұңы мен наласын, шері мен зарын, қала берді жоқтауы мен жұбанышын бір өзі арқалаған туынды [4, 21].

Нәтижелер. Орнитологиялық ән мәтіндеріне лингвистикалық талдау жасаған уақытта ән мәтіндерінің құрамын, ондағы тармағы мен шумағын, өлең ұйқасын, әуені мен сөзін жеке дербес қарастыруға келмейтін біртұтас құрылым. Ән мәтіндері макро жүйеден тұрады. Бұл жүйеге ән мен сөз, айтушы мен тыңдаушы, адресат пен адресант, уақыт пен кеңістік, мекен мен мезгіл, т.б. секілді құрылымдардың біртұтас ажырамас, өзара бір-бірімен қатаң сабақтастықтағынан тұратын бірлікке негізделеді.

Талқылау. Қазақ тіліндегі орнитологизмдер қатысқан ән мәтіндері өте көп. Олардың барлығына лингвистикалық аспектіде зерттеу мүмкін емес. Жоғарыда біз халық жадында ерекше орын алған, танымдық ойды арқалаған, этностың жүрек түкпіріне ұя салған ән мәтіндері туралы ғана баяндадық. Сондай-ақ, бір мақаланың көлемі оның бәрін көтере бермейді. Ал қолдағы бар ән мәтіндерін тақырыптық тұрғыдан топтастырып, оларға қатысты зерттеулеріміз дербес материал ретінде алдағы уақыттарда баспа бетіне ұсынылады.

Сонымен, ән де, сөз де, ән мәтінінің түп қазығы болса, орындаушысы (айтушысы) тілдік танымдық ақпаратты әуен арқылы жеткізуші, тыңдаушысы яки тыңдарман танымдық ақпаратты қабылдаушы болады.



Мұндағы жеке бірліктердің өзі дербес категория, әрі басқа түзілімдермен өзара сабақтастықта болады. Осындағы жүйелі қатынасты зерттеу, анықтау, ұғу арқылы ән мәтіні дейтін эстетикалық-танымдық ғажайып құбылыстың әлі ашылып болмаған соны қасиеттерін түсінуге ықпал етеді.

Қорытынды. Ән мәтінінің когнитивтік семантикалық компоненттерінің биігінде әлем туралы индивидуальды-авторлық концепция тұрады. Себебі қандай да болмасын шығарма да объективті әлемнің субъективті бейнесі жатады. Мұндағы ән мәтіндерінде автордың жеке басындағы жағдаяттар, мінезі, көңіл күйі, ішкі жан әлемі, әлемді танудағы танымдық түйсінуді мәтін мазмұнына тікелей немесе жанама түрде қатысады. Осы арқылы әлем бейнесі ән мәтіні арқылы танылып, тілдік бірліктер арқылы түзіледі. Ән мәтіндеріндегі «ән-сөз-әнші» бірлігінің өзара тұтасып, иерархиялық жүйеге негізделіп, виртуальды кеңістікпен ән арқылы байланысқа түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Торайғыров С. Таңдамалы. Кереку-Баян өңірі ақын-жазушыларының антологиясы. Павлодар, 2011.

2 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Алматы, Қазақ университеті, 2009. – 368 б.

3 Шалабай Б. Мәтін прагматикасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 60. - Алматы, 2002. - 130-132 б.

4 Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. – Алматы, Жазушы, 1989. – 192 б.

Reference:

1 Toraiǵyrov S. Tañdamaly. Kereku-Baian öñiri aqyn-jazuşylarynyñ antologiasy. Pavlodar, 2011.

2 Ahmetov Z. Poezia şyñy – danalyq. – Almaty, Qazaq universiteti, 2009. – 368 b.

3 Şalabai B. Mätin pragmatikasy // QazÜU habarşysy. Filologia seriasy. № 60. - Almaty, 2002.-130-132 b.

4 Şapaev T. Oi tübinde jatqan söz. – Almaty, Jazuşy, 1989. – 192 b.

МРНТИ: 16.01.07

Жиренов С.А.¹ Касенов Е.²

^{1,2} *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ДҮНИЕНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ ОРНИТОЛОГИЗМДЕРДІҢ КОНЦЕПТІЛІК МӘНІ

Аңдатпа

Мақалада дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік мәні антропологистикалық аспектіде қарастырылып, құстардың этнос мәдениетіндегі орны қоғамдық-әлеуметтік, этномәдени факторлармен сабақтастықта қарастырылады. Этнос мәдениеті мен адам дүниетанымындағы орнитологизмдер туралы таным әлемі, салт-санасы, қоршаған ортасы мен ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесі, рухани өресі т.б. экстралингвистикалық факторлармен сабақтастықта қарастырылады. Дүние бейнесіндегі «Құс» концептісі адамзаттық құндылық ретінде бағаланып, антропологиялық танымның, этникалық ерекшелік ретінде көрсетіледі. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдер әлемді тануға, этнос мәдениеті мен этноқауымдастық өкілдерінің дүниетанымын концепт негізін көрсетуге болады. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік мәні тілдік танымдық бірліктер арқылы «Табиғат–Адам–Құс» контекстінде, ұлттық дүниетаныммен, этностың мәдениетімен сабақтастыра әр қырынан алып қарастырудың маңызыдылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: дүние бейнесі, дүниенің тілдік бейнесі, орнитологизм, концепт, тілдік бірлік, этнос, т.б.

Zhirenov S¹., Kasenov Y.²

^{1,2}*KazNPU of Abay,
Almaty, Kazakhstan*